ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

4 АПТА

1 - 3 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

4 апта

Аптаның жобасы:

"Ғарыш"

Апта ішінде оқуға ұсынылатын көркем шығарма:

"Аманатқа қиянат жасамау"

"Динозавр"

Апта ішінде көруге ұсынылатын деректі фильмдер:

«Дара тұлға». Оқу-танымдық анимация (2018 ж)

Құрмангазы Сағырбайұлы

https://www.youtube.com/watch?v=BEsGjYjGEz8

Аптаның ойыны:

“Шыбынұрғыш”

Аптаның қолөнер туындысы:

«Ермексаздан жасалған ара»

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

"Коко құпиясы"

"Алға"

Спорт қақпы

Күнделікті бір жақсылық жасау

ДҮЙСЕНБІ

Үйді жинастырумен көмектесіңіз

СЕЙСЕНБІ

Өз қолыңызбен антисептик немесе сабын дайындап, жақындарыңыздың денсаулығын сақтауға көмектесіңіз

СӘРСЕНБІ

Үйдегі жақындарыңызбен спорттық жаттығулар жасаңыз

БЕЙСЕНБІ

Өз қолыңызбен копилка жасап, кейін жиналған ақшаға жақындарыңызға сыйлық алыңыз болады

ЖҰМА

Отбасыңызбен бірге ойын ойнаңыз

СЕНБІ

Үйдегілеріңізбен ағылшын тілінде сөздер жаттаңыз

ЖЕКСЕНБІ

Отбасыңызға түскі ас дайындауға көмектесіңіз

4 апта

Аптаның жобасы:

"Ғарыш"



Мақсаты: ғарыш, Күн жүйесі туралы көбірек білу. Қолдың моторикасын жақсы дамыту, уақытты көңілді және пайдалы өткізу.

Тапсырманы орындау барысы : Қағаз, картон, бояулар, қылқалам дайындау. Жұмыс кезінде ғарыш және Күн жүйесі туралы мағлұмат жинап танысу. Барлық планеталардың атауларын және олардың кезектілігін есте сақтауға тырысыңыз.



Апта ішінде оқуға ұсынылатын көркем шығарма:

"Аманатқа қиянат жасамау"

Сұлтан аманатқа өте қатты мән беріп қарайтын еді. Бір рет Кусантина қазысы Ахмет, Сұлтанға бір қалта алтын аманатқа беріп кетеді. Ол үйіне апарып қояды. Кейін кері сұрағанында үйден алып келе жатып қалтаның бетінде 100 алтын деп жазылып тұрғанын көреді. Қалтадағы алтындар түгел ме екен деген оймен санап шығады. 75 алтын болғанын көріп азайып қалған екен деген оймен өз алтындарынан 25 алтын қосып иесіне береді. Бір-екі күн өткеннен кейін қазы Сұлтанға қайта келіп:

- Қалтада 75 алтын болуы керек еді, орнына 100 алтын шықты, мұның хикметі не екен?- деп сұрады. Ол былай деп жауап берді:

- Қалтаны сенен алған кезде ішіндегілерді санамаған едім. Саған берер кезде, бетіндегі жазуды оқығаннан кейін санадым. Аз шыққанын көріп өз алтындарымнан 25 қосып, 100-ге толықтырдым. Бұл 25 алтынды жоғалтып алған екенмін деп ойлаған едім.

Мұны естіген Ахмет қазының көздеріне жас толып, қатты қуанады.

4 апта

"Динозавр"



Динозаврлар (Dinosauria) – 160 миллионға жуық жылдар бойы жер бетіне үстемдік еткен жануарлар. «Динозавр» сөзі грекше «қорқынышты кесіртке» деген мағына береді. Себебі ғалымдар оларды кесірткенің бір түріне жатқызған. Динозаврлар жер бетінде алғаш рет 225 миллион жыл бұрын пайда болып, 65 миллион жыл бұрын нәсілдерімен құрып кеткен. Жануарлардың ішіндегі ең ірілері болған алып динозаврлар көлемі жағынан пілдерден де біраз асып түскен. Сонымен қатар жер үсті алыптарынан бөлек өзге мұхитта да құбыжық (монстр) жорғалаушылар өмір сүрген.

Динозаврлардың түрлері:

Кесіртке жамбасты динозаврларға: жыртқыш динозаврлар, прозауроподтар зауроподтар; ал құс жамбасты динозаврға: орнитоподтар , стегозаврлар, анкилозаврлар, цератопстар немесе мүйізді динозаврлар жатады. Алғашқы динозаврлар артқы екі аяғымен, кейінгілері төрт аяғымен жүруге бейімделген. Жыртқыш динозаврлардың артқы аяқтары құстардың аяқтарына ұқсас болған. Көптеген құс жамбасты динозаврдың үстінде жыртқыштардан қорғануға бейімделген түрлі бұдыршақтар, сүйек сауыт, мүйіздері болған. Динозаврлар жұмыртқа салып көбейген. Көптеген ғалымдар динозаврды жылықанды жануарларға жатқызады, бірақ олардың жылу реттеуші жабынды қабаты болмаған. Динозаврлардың 35 түрінің 300-дей қаңқа сүйегі Канададағы «Динозаврлардың провинциальдық саябағында» сақталған.

Динозаврлардың жойылуы:

Ғалымдардың айтуынша, 65 миллион жыл бұрын сағатына 54 000 км жылдамдықпен шамамен 10 км-ді құрайтын метеорит жер бетіне келіп соғылған. Жарылыс нәтижесінде атмосфераны шаң қабаты қаптап, жер бетіне айлар бойы күн түспеген. Күн суытып, жер бетінің өсімдік жамылғысының өзгеруіне байланысты динозаврлар толығымен жойылып кеткен. Кітаптарда олардың жойылу себептері әр түрлі түсіндірілген. Алайда динозаврлардың жойылуының нақты себептері әлі де құпия болып қалуда.

4 апта

Апталық отбасылық ойын

"Шыбынұрғыш"

Ойынның мақсаты : Ағылшын тілінде сөздік қорын дамыту , шапшаңдығын арттыру.

Орындалуы: А4 парағын бірнеше бөліктерге бөліп, оларға ағылшын тілінде сөздерде жазу. Осы сөздер жазылған парақтарды үстелдің үстіне қою немесе мүмкін болса қабырғаға жабыстыру. Бір ойыншы қазақша сөзді айтса , екіншісі сол сөздің ағылшын тіліндегі аудармасын қолындағы шыбынұрғышпен көрсетуі керек. Ойыншылардың есінде көбірек сөз сақталуы үшін, неғұрлым көп сөз жасырылса , соншалықты жақсы .



Аптаның қолөнер туындысы:

"Ермексаздан жасалған ара"

Мақсаты: ермексаздан фигуралар жасауды үйрену.

Тапсырманы орындау барысы: қара,сары және ақ ермексаз, тіс тазалағыш таяқшаларды дайындап алу. Әрі қарай бәрін бейнебаяндағыдай жасаймыз және нәтижесінде ермексаздан әдемі ара жасап шығарамыз.

https://www.instagram.com/p/B-Ria8LIi_8/?igshid=zmtd2zkpeqdm

4 апта

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

"Коко құпиясы"

Мазмұны Мексикалық ауылда етікшілер отбасында тұратын және әнші болуды іштей армандайтын 12 жасар Мигел туралы баяндалады. Арманның құпиялығы сонда - оның отбасында өлең қарғыс болып саналады. Баяғыда оның арғы атасы өз әйелін, яғни басты кейіпкердің арғы әжесін өз арманы үшін тастап кеткен, осының кесірінен Мигелдің отбасында өлең - жабық тақырып. Бірде Мигел өзі мен өзінің кумирі - марқұм болып кеткен әнші Ернесто де ла Крус арасында тылсым байланыс барын сезеді. Жеткіншек өзінің кумирін табуүшін Өлілер еліне аттанып, сол жақта өзінің ата-бабаларын кездестіреді. Сол жақтан ол Екстор есімді (қаңқа бейнесіндегі) трикстер аруақпен танысады. Екеуі серіктесіп, Ернесто де ла Крусты іздеуге аттанады.

"Алға"

Ағалы-інілі эльфтер Иэн мен Барли Лайтфуттар тролльдер, гоблиндер, гномдар, кентаврлар және пырақтар мекендейтін таңғажайып әлемде өмір сүреді. Баяғы заманда олардың әлемі сиқырға толы болған. Алайда бұл заман өтіп, енді ғажайып тіршілік иелері ұшақтармен ұшып, автомобиль мініп, кәдімгі өмір сүріп келеді. Бірақ ойда жоқта қолына сыйлық түскен екі ағайынды ескі аңыздарда айтылған нағыз сиқырды тауып алмақшы болып, шытырман оқиғаға толы сапарға аттануға белдерін буады.

www.qundylyq.kz